

Интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғалары және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 қазандағы N 647 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қазанда N 5-17-152 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 қарашадағы N 437 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012.11.01 қарашадағы N 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6)-тармақшаларына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және жұмыс іздеуде қиындықтары бар интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғаларын әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ұлан ауданы әкімдігінің 2011.11.22 № 717 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

1. Интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғалары және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Д. Мусинге жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

Аудан әкімі

Ж. Муратов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК